

А. Қайырбекова, 2-курс

Ғылыми жетекші — З. М. Сүйеубаева, қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция майоры (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУЫНА ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Қазақстан Республикасы 1995 жылы Конституциясын қабылдап, «мемлекеттің ең басты қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп белгілеген болатын. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылы 17 тамызда № 1272 Қаулысымен «Қазақстан Республикасы Демографиялық саясатты» ұстанатын егеменді елдердің қатарына қосылдыⁱ. Негізгі мақсаты: туу санын ұлғайтып, өлім санын азайту болды. Бүгінгі күнге дейін адамның өмірін, құқықтарын, бостандығын қорғау саласында көптеген заңдар, Кодекстер, Қаулылар қабылданып, нормативтік-құқықтық актілер мен халықаралық шарттарға қол қойылған болатын. Алайда, әлі күнге дейін ең бағалы құндылығымыз адамның өмірі еріксіз үзіліп, табан астында тапталып жатқанына куә болудамыз. Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ: БҰҰ мәлімдеуі бойынша Қазақстан Республикасы әлемдік суицид коэффициенті бойынша 3 орында тұрақтап тұр, ал балалар суициді бойынша 2 орынды еншілеп тұрғаны жөнінде БҰҰ UNICEF фонды баяндады. 2015 жылы 4 мың адамның 201-і кәмелетке толмағандар, 485 суицидке бел буған жас буындар. 2016 жылда 4 ай ішінде 200 кәмелетке толмағандардың суициді тіркеліп, сұмдық көрсеткішке айналууда. Суицидке адамдарды итермелейтін мән-жайлардың алуан түрін білеміз. Мысалы: отбасылық жағдай, психикалық ауытқулар, еліктеушілік және т. б көптеген себептер. Мысалы: Екібастұз тұрғыны өзінің туған 11 жастағы қызына жыныстық қиянат көрсетіп, фото суреттерін әлеуметтік желіге жайып жіберіпті. Нәтижесінде 11 жастағы қыз өз-өзіне қол жұмсап еріксіз өмірін үзді деп today.kz сайты баяндайдыⁱⁱ. Психологтардың пайымдауы бойынша адамды суицидке итермелейтін жағдай міндетті түрде орын алады. Ал сол жағдайды қазіргі таңда адамның өз қолымен істелетін қастандық деп тануда. Сана сезім тек адамға берілгендіктен, адамның ойынан, қолынан сансыз басқа адамға деген қастандық жасалуда. Соның бірі — «өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу». Соңғы жаңалықтардан көретініміз — Ресей Федерациясында бастау алған «Синий Кит», «Тихий дом», «Разбуди меня в 4:20» деген интернет сайтпен жастардың санасын улап, өз-өзіне қол жұмсауға әкеліп соқтырып жатқанын естіп жатырмыз. Шамамен осы сайттың кесірінен Ресей Федерациясында 150 астам жасөспірімнің өмірі үзілген. Біреу үшін түкке тұрғысыз адамның қолымен жасалып отырған бұл ойын біреулер үшін ойын көрінсе, ал енді екінші біреуі үшін темір тордың ар жағымен аяқталған. Ал ең өкініштісі — кейбір жандар үшін өліммен аяқталған. Қоғамды дүр сілкіндіріп, қорқыныш сезімін ұялатқан, қауіпті де, ойға сыйымсыз интернет ойынының астарында балаларымызға, жастарымызға қауіп төніп тұрғанын байқаймыз. Бұл ойынның негізгі мақсаты: ойыншыны өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу. Ойын негізгі 50 сатыдан тұрады. Бастапқысы жай денесіне киттің суретін барынша ұқсастырып қырып салу және дәлел ретінде фото немесе видеосурет жіберу. Соңғы 50-інші сатысы өзін-өзі өлтіру және тағыда фото немесе видео дәлел арқылы жіберу болып табылады. Егерде ойыншы бұл тапсырмаларды орындаудан жалтарған жағдайда қоқан-лоққы көрсетіп, қорқытады. Мысалы: әке-шешесін өлтіру, жақындарын өлтіру сияқты

мәжбүрлеу шарасын қолданады. Қазақстан Республикасында бұл қауіпті ойын 2016 жылдан бастау алды. Сонымен жалғыз Жамбыл облысының 19 мектеп оқушылары мен 2 колледж тыңдаушылары өз өзіне «Синий кит» ойынының езгісімен қол жұмсады. Қарағанды облысының Пришахтинск қаласының 19 жасар бойжеткені — Галина Сибирякова ойын ықпалына түсіп мерт болған. Шығыс Қазақстанда, Астанада, Қостанайда бастау алып жатқандығы жайлы мәлеметтер көп. Жахандық проблемаға айналмай тұрғанда бұл мәселені шешу маңызды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 105-бабы бойынша «өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бойынша санкция 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы бекіткен. Біздің ойымызша, бұл жаза түрін кеңейту қажет деп ойлаймыз:

- Қазақстан Республикасы ҚК-ң 105-бабын: «1. Жәбірленушіні қорқыту, өзін-өзі өлтіруге үгіттеу, ...» редакцияда жариялау;

- кәмелетке толмағандар мен кәмелет жасқа толған адамдарды өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізгені үшін тең жаза және аса ауыр қылмыстардың санатына жатқызу;

- Қазақстан Республикасы ҚК-ң 105-бабының 3-б. кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған іс-әрекеттер «жеті жылдан он бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады» редакциясында жариялауды ұсынамыз.

Нәтижесінде біріншіден — адам саны өседі (демография санын арттыру), екіншіден — қылмыс санының азаюын байқаймыз (Қазақстан әлемдік рейтинг бойынша 8,8 коэффициент бойынша 130 орынды алып отыр), үшіншіден — қылмыскерді қоғамнан оқшаулаймыз, төртіншіден әділетті жаза орнайды.

ⁱ Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 тамыздағы №1272 Қаулысы (күші жойылды). URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=50010594 (2017 жылғы 26 наурыздағы жолдама мерзімі).

ⁱⁱ URL: <http://www.today.kz>